

"Ертіс химия металлургия заводы" акционерлік қоғамында оңалту рәсімдерін жүргізу жөніндегі одан арғы шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 ақпандағы N 118

"Ертіс химия металлургия заводы" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 қазандағы N 1426 Р971426_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамын оңалтушы басқарушының - "Құндыбай" акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1994 жылғы 29 қарашадағы N 475 өкіміне сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен ақша түрінде алған тауарлық несиені, оның ішінде:

олардың салыну бағасы бойынша 303 180 теңге сомасына 52 тонна НОК-1 неодим тотығын, 24 тонна ЛаО-Ж лантан тотығын, 4,6 тонна ФТК-дағы танталды, 34,3 тонна ЛаО-К1 лантан тотығын, 91 тонна НБОФ-2 ниобий бес тотығын, 20 тонна штабиктегі НБШ-1 ниобийін, 12,5 тонна ЦеОД церий қос тотығын, 74 тонна - құйма НБ-1 ниобийін, 174,3 тонна ЦеОЛ церий қос тотығын, 4,5 тонна НБОФ-0 ниобий бес тотығын қайтару туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Мемлекеттік материалдық резервтің "Ертіс химия металлургия заводы" акционерлік қоғамының қоймаларында сақтаулы сирек және сирек жер металдарының:

1999, 56 кг торий тотығының (ТУ МГУУ-4), 14,5 кг штабиктегі НБШ-0 ниобийінің, 1,1 кг штабиктегі НБШ-1 ниобийінің, 250926,0 кг ЛаОД лантан тотығының, 215101,7 кг ЛаОЖ лантан тотығының, 300 кг ЛаОК-1 лантан тотығының, 235,8 кг НММ-3 металл неодимнің, 320,3 кг СММК-1 карботермикалық самарийдің, 785,0 кг ГдО-Л, 41,0 кг ГдО-Д, 17255,0 кг ГдО-Г гадолин тотығының қалған мөлшері броннан алынсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне бір айлық мерзім ішінде осы қаулының 2-тармағында көрсетілген материалдарды тендерлік негізде сату тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамы дәрменсіз борышкер деп танылған сәттен бастап "Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамының барлық деңгейдегі бюджеттердің және бюджеттен тыс қорлардың алдындағы негізгі берешектеріне үстеме мен айыппұл санкцияларын алты айға, ал сот оңалту рәсімін он сегіз айға дейін мерзімге (қосымша) ұзарту туралы шешім қабылдаған жағдайда- ұзартылған мерзімге тоқтата тұрсын.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК